

Қазақ халқының ұлттық ойындары



Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі
"Бәйге"

Қазақ халқының ұлттық ойындары^[1]

- ептілікті, өжеттілікті,

шапшаңдылықты, тапқырлықты талап етеді, олардың түрі сан-алуан.

Тоғыз аяқ, тоғыз табақ

Ойын сауық, әдет-ғұрып ойындарының бір түрі - "Тоғыз аяқ, тоғыз табақ". Бұл әсіресе қазақтың баласын үйлендірерде қыздың әкесіне барып, құда түскенде, екі жақтың келісімі жарасқан шатшадыман, туыстық жарастық көңіл күйді білдірген. Осы құда түсу кезінде қонақ сыйларын "тоғыз аяқ, тоғыз табақ" деп атаған. Халықтың әдетінде жайшылықтағы қонақ асы бөлек те, құданың асы бөлек берілген.

Құдалардың арасындағы сөз әбден келісіліп болғаннан кейін, енді құданың қайтардағы қонақ асасы тағы бөлек - "құйрық-бауыр" болған. Мұнда құйрық май мен бауыр туралып, оған қосымша айран араластырып, қайтар жолда жесең де жейсің, жемесең де жейсің деген ойын-кәде жасаған. Жемесең тойғаныңның белгісі деп, құдаларға асатқан кезде айранды бет-аузына дейін түгелдей жағып шыққан. Құда енді бұл асатудан тек кәдесін жасап барып әрең құтылған. "Құйрық-бауыр" асататын көбінесе жас келіншектер болып келеді де, олар асататын адамдарына арнайы ән айтумен

болады. Қатынасушылар көбінесе тапқырлық, шапшаңдық көрсетіп жазадан құтылып кетуге, асатушылардың саусақтарын тістеп алуға тырысады.

Жар-жар

Қазақ халқының әдет-ғұрып, ұлттық ойын-сауық ойындарының бірқатарына айтыс арқау болып отырады. Осындай ойын-сауық айтыстарының бір түрі - "Жар-жар". Ұзатылған қызбен қоштасатын бозбалалардың той үстіндегі айтылатын сағыныш сәлемдері, көбінесе жеке-жеке айтудан гөрі екі

жаққа бөлініп көп дауыспен айтылады, бір жағы - күйеу, екінші жағы - қалыңдық. Немесе күйеулер жағы - еркектер тобы да, қалыңдық жағы - әйелдер тобы. Жар-жардың бір ерекшелігі, өзге үйлену салт өлеңдеріне қарағанда, белгілі бір қалыпқа түскен сөзі мен әні болады, көпшілік жағдайда жұрт оны жаттап алып айтады. Күйеу жағы қуанышты, көтеріңкі әнмен айтса, қыздар тобы көбінесе мұңды, қайғылы үнмен айтады.

Содан кейін жігіттер тобы қызды жұбатып, барған жеріндегі қайын жұрт, қайын ата, қайын ене туған үй,

туған ата-анадан кем
болмайтындығын айтады. Оларды да
өз ата-анаңдай, өз ауылыңның
адамындай бір туып, бірге өскен
бауырыңдай жақсы көр деп үгіт
айтады. Мұның бәрін көп жағдайда
әзіл-қалжың ретінде жеткізеді. Ал
қыздар тобы жігіт жағының
жұбатуына қарсы: құрбы-құрдасының
ортасында отырып, ойын-күлгенінің
қызығын, туған ел, туған жердің
ыстықтығын айтып шағынады. Жат
жердің, жат ұяның қалай қарсы алып,
қалай қарайтынын ойлап, толғанады.
Жігіттер:
Алып келген базардан қара нөсер,
жар-жар-ау!

Қара мақпал сәукеле шашың басар,
жар-жар-ау!

Мұнда әкем қалды деп қам жемеңіз,
жар-жар-ау!

Жақсы болсаң, қайын атаң орнын
басар, жар-жар-ау.

Қыздар:

Есік алды қара су майдан болсын,
жар-жар-ау,

Ақ жүзіңді көрерлік айнама болсын,
жар-жар-ау,

Қайын атасы бар дейді осы қазақ,
жар-жар-ау,

Айналайын әкемдей қайдан болсын,
жар-жар-ау.

Айтыс осылайша жалғаса береді,
ойын қыза түседі.

Сақина салу

Бір жігіт, бір қыз ортаға шығады.

Басқалары екі қолдарын алдарына
қойып, уыстап тұрады. Қыз сақинаны
әр ойыншының уысына салғандай
болып, барлық ойыншы айналып
өтеді. Сонан соң жігітке:

- Сақина кімде, тап! - дейді. Барлық
ойыншы жігітке қарап, қуыстанғандай
түр көрсетеді. Жігіт өзі ұйғарғанынан:

- Сақинаны бер! - деп сұрайды. Тапса,
сақинаны ұстап отырған ойыншы
өнер көрсетеді. Таппаса, іздеушінің өзі

айып тартады.

Осыдан кейін ортаға келесі жұп, қыз бен жігіт шығады. Бұл ойында қыздар тек сақина салушы ғана болады.

Іздеуші әр ойыншының алдын барғанда әзіл айтып, күлдіріп те жүруі керек. Сол әдіспен сақина ұстап отырғанды байқап, тауып алуы да ықтимал.

Көрші-көрші

Бұл ойын той-томалақта, сауық кештерінде ойналады. Қыз-жігіттер жұптасып отырады. Олар "көршілер" деп аталады. Ойынды сөзшең, әзілқой біреуі жүргізеді. Ол бір шетінен

аралайды да, бір жұптың қасына тоқтап:

- Көршіңмен татусың ба, аразсың ба? - деп сұрайды. Жігіт қана жауап қайтарады. Ол татулығын айтса, талабын жариялайды. - Ендеше, татулығыңды дәлелде.

Сонда әлгі жігіт көршісінің шашын сипап, маңдайынан сүюі керек. Одан кейін бастаушы тағы біреуден сұрайды. Ол араз екенін айтса, талап қояды.

- Ендеше, кіммен тату тұра аласың? Әлгі ойыншы өзі қалаған қыздың атын атауға тиіс. Бастаушы енді сол аты аталған қыздың көршісінен сұрайды.

- Көршіңді қалаған адамға бересің бе?
Ол бермейтінін айтса, көршісі екеуі
жұмбақ шешеді, жаңылтпаш
қайталайды. Жұмбақты шеше алмай,
жаңылтпашты айта алмай қалса,
көршіліктен бөлінеді де, орындарын
ауыстырады. Бәрі мүлтіксіз
орындалса, көршіні сұраған
ойыншының өзі өнер көрсетеді.

Дереккөздер

1. "Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды
қыл": Әдеби-этнографиялық таным
(құрастырғандар Б.Әлімқұлов,
Е.Әбдіраманов). 238б., 1994. ISBN 5-
7090-0195-3

Тағы қараңыз

- Жар-жар
- Туыстық атаулары

«https://kk.wikipedia.org/w/index.php?title=Қазақ_халқының_ұлттық_ойындары&oldid=2624210» бетінен алынған

Касымов бұрын /wiki/%D0%90%D...

Мәлімет CC BY-SA 3.0 лицензиясы аясында жетімді басқа жағдайда белгіленеді.